

Жалға алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 02 қарашадағы N 1211/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 қарашада N 3263 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 09 қыркүйектегі N 898/9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 09.09.2013 N 898/9 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына және Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" N 306 бұйрығына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Екібастұз қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 153 мекенжайында орналасқан, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алғаны үшін ай сайынғы төлемі жалпы көлемнің 1 (бір) шаршы метрі үшін 35,46 теңге мөлшерінде б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің о р ы н б а с а р ы н а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

*Екібастұз қаласы әкімінің
Н. Дычко*